



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

19.10.2023 № 2-01-23-83359

22.09.2023 ДС-335

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

Жер саласындағы проблемалық мәселелер туралы

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура жер саласындағы жекелеген проблемалық мәселелер туралы депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Мемлекет мұқтажына алынған жер учаскесі үшін М. Сыздықоваға ақшалай өтемақыны төлемеуге қатысты

М. Сыздықованың уәждеріне сәйкес оның учаскесі Г. Оспановқа алаяқтық жолмен сатылған және ол мемлекет мұқтажына алынған, бұл жер үшін 245,8 млн теңге сомасында өтемақыны негізсіз алған.

2020 жылғы 3 қарашада Түркістан қаласының Полиция басқармасы М. Сыздықованың арызы бойынша Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі – ҚК) 190-бабының 4-бөлігінің 2-тармағымен (алаяқтық) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады.

Нәтижелері бойынша 2020 жылғы 30 желтоқсанда іс қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Алайда, бұл шешімнің күші 2023 жылғы 13 шілдеде Түркістан қаласының прокуратурасымен жойылып, тергеп-тексеру жүргізу Түркістан облысының Полиция департаментіне тапсырылды.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 28 шілдеде Түркістан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментімен (бұдан әрі - Департамент) Түркістан қаласы әкімдігінің лауазымды тұлғаларына қатысты ҚК-тің 362-бабының 4-бөлігінің 3-тармағымен (биліктің немесе лауазымдық өкілеттіктердің артуы) сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды (М. Сыздықованың арызы бойынша).

2023 жылғы 15 қыркүйекте бюджет қаражатын мақсатсыз жұмсау туралы М. Сыздықованың арызы Департаментпен Түркістан облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне аудиторлық қорытынды алу үшін жолданды (оның қорытындысымен тиісті шешім қабылданатын болады).

Қазіргі уақытта қылмыстық істер бойынша кешенді тергеу амалдары жүргізілуде, іс бойынша нұсқамалар берілді, сотқа дейінгі тергеу барысы прокуратураның бақылауында.

«Балуан СК» ЖШС пайшыларының жерлеріне қатысты

Бұрын Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында «Балуан СК» ЖШС ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асырған (жер көлемі - 4 322 га).

Анықтама ретінде: 2021 жылғы 20 тамызда «Балуан СК» ЖШС атауын өзгертіп, «Қазына Construction Group» ЖШС болып қайта тіркелді (қазіргі уақытта Маңғыстау облысында тіркелген).

2009-2010 жылдары «Балуан СК» ЖШС-ның жерлері пайшылардың келісімінсіз (286 пайшы) Д.К. Таныбаевқа және «Қазипрохем-Агро» ЖШС-на берілген.

Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 14 шілдедегі шешімімен Шал ақын ауданы прокуратурасының талап қоюы бойынша жер учаскелерін жалдау шарты (Жер қатынастары бөлімі мен Қ.Д. Тыныбаев және «Қазипрохем-Агро» ЖШС арасында жасалған) жарамсыз деп танылды (жауапкерлер облыстық сотқа шағымданды, қаралуда).

Сондай-ақ, 2022 жылғы 4 мамырда «Балуан СК» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының хаттамасын қолдан жасау фактісі бойынша ҚК-тің 385-бабының 3-бөлігімен Шал ақын ауданының Полиция бөлімі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады.

Нәтижелері бойынша 2022 жылғы 19 қарашада іс қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Бұл шешімнің күші 2023 жылғы 27 маусымда Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасымен жойылды.

Бүгінгі күнге іс бойынша 50-ден астам адамнан жауап алынды, жер учаскелеріне кепіл шартын жасасу мән-жайларын анықтау үшін «Jusan Bank» АҚ-ға сұрау жіберілді, тергеу әрекеттері жалғасуда.

Іс бойынша түпкілікті шешім барлық қажетті тергеу амалдары жүргізілгеннен кейін қабылданатын болады.

Ү. Машарбетовтің жеріне қатысты

2019 жылғы 15 наурызда Жетісу облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі Ү. Машарбетовтың арызы негізінде ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1 және 2-тармақтарымен (алаяқтық) А. Бакиевке қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады.

Қылмыстық істің материалдарына сәйкес А. Бакиев 2015 жылы «Бақашар» шаруа қожалығының ауыл шаруашылығы жерлері есебінен (басшысы Ү. Машарбетов) мемлекеттен 7 млн теңгеден астам заңсыз субсидия алған (жер іс жүзінде егілмеген).

Сонымен қатар, Ү. Машарбетовке тиесілі ауданы 2 га учаскені А. Бакиев өзінің атына заңсыз рәсімдеген.

2023 жылғы 9 қазанда Түркістан облысының прокуратурасымен қылмыстық іс қарау үшін сотқа жолданды (қаралуда).

«Ноғайбай-Kazexim» пайшыларының жерлеріне қатысты

Жамбыл облысының Қордай ауданы прокуратурасы мен аудан әкімдігі «Ноғайбай-Kazexim» ЖШС (бұдан әрі - ЖШС) пайшыларының проблемалық мәселелерін нақты шешу жолдарын айқындап, аталған бағытта жоспар бекітті.

Жоспар аясында атқарылған жұмыстар мен Банк өкілдерімен жүргізілген келіссөздер нәтижесінде ЖШС-тың 11 жер учаскесі (9 мың га) Банк кепілінен босатылып, пайшыларға қайтарылды (қазіргі уақытта пайшылар Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативін құруда, кейіннен бұл учаскелер ЖШС-тен аталған кооперативке ауысатын болады).

Бұл жұмыстар ЖШС-тың пайшылары тарапынан оңды бағаланып, алғыс хат арқылы өздерінің ризашылығын жеткізуде.

Т. Игенбековтің жеріне қатысты

2020 жылғы 11 шілдеде Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Полиция басқармасы Т. Игенбековтің арызы негізінде Н. Букетовке қатысты ҚК-тің 385-

бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған.

Анықтама ретінде: 2019 жылғы 16 ақпанда «Кең-дала» ШҚ пайшыларының жалпы жиналысының хаттамасы негізінде оның басшысы болып Н.Букетов тағайындалған және оған Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің қаулысымен 1500 га жер телімі уақытша пайдалануға берілген.

Т. Игенбековтің айтуы бойынша жиналыс жүргізілмеген.

Аталған қылмыстық іс 2023 жылғы 21 шілдеде сот-қолтаңбалық сараптама тағайындалуына байланысты мерзімі үзіліп, 2023 жылы 20 қыркүйекте қайта тергеу басталды.

Қазіргі уақытта іс бойынша тергеп-тексеру жалғасуда және оның барысы Жамбыл облысы прокуратурасының бақылауында.

«Бостан» ӨК пайшыларының «Алатау Дейри» ЖШС-ның құрамына кірумен келіспейтіні туралы

2007 жылғы 15 шілдеде «Бостан» ӨК-нің (бұдан әрі – Кооператив) жалпы жиналысында 1982 га жер учаскесін «Алатау Дейри» ЖШС-на беру туралы шешім қабылданған (жиналыста 104 қатысушының 68 келіскен, 36 келіспеген).

2009 жылғы 15 мамырда Жетісу облысының Кербұлақ аудандық №2 сотының заңды күшіне енген шешімімен 36 адамның «Алатау Дейри» ЖШС-на жер учаскесін уақытша өтеулі пайдалануға беру туралы аудан әкімдігінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі қаулысын заңсыз деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылған (апелляцияда шешім өзгеріссіз қалдырылды).

Жоғарыда көрсетілген сот актілерін қайта қарауға негіздер анықталмады.

Өз кезегінде аудан прокуратурасы Кооператив қатысушыларымен тұрақты түрде келіссөздер жүргізіп, заң көмегін көрсетуде (өздеріне тиесілі жер учаскелерін Кооперативтен бөліп шығару жөнінде талап қоюларды дайындауда).

«Бостандық» ЖШС пайшыларының жерлеріне қатысты

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі №473 қаулысымен «Бостандық» ЖШС-на ауданы 6214 га жер учаскелері берілген (пайшылар саны – 565).

2016 жылғы 31 мамырда «Солтүстік Қазақстан ауылшаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС алдында 29,8 млн теңге мөлшерінде берешегі болғандықтан «Бостандық» ЖШС-ның жер учаскелері атқарушылық іс жүргізу шеңберінде саудасаттық арқылы «Шалқар» ШҚ-на өткен.

«Бостандық» ЖШС-ның пайшысы Қ.Б. Қалиев жерді сатумен келіспей, сотқа жүгінген.

Ақжар аудандық сотының 2016 жылғы 19 тамыздағы шешімімен Қ.Б. Қалиевтің мемлекеттік сот орындаушысы Г.К. Ибраевтің «Бостандық» ЖШС-ның мүлкін сатумен байланысты іс-әрекеттерін заңсыз деп тану туралы талаптары (оның ішінде сауданы заңсыз деп тану туралы) қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляциялық және кассациялық сатыларда Ақжар аудандық сотының 2016 жылғы 19 тамыздағы шешімін өзгеріссіз қалдырылды.

Бүгінге Ақжар ауданының әкімдігі мен «Шалқар» ШҚ басшысы арасында акционерлерге дивидендтер төлеу туралы меморандум жасалды (пайшыларға дивидендтер төленуде).

Прокуратура органдарымен қабылданған шаралар бойынша

2022 жылы прокуратура органдары шартты жер үлестерін пайдалану және пайшылардың құқықтарын қорғау мәселелерін реттеу саласында заңдылықтың сақталуына тексеру жүргізді.

Осы жұмыс шеңберінде прокурорлар **169** проблемалық кәсіпорынды (Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қызылорда Солтүстік – Қазақстан және Түркістан облыстары) анықтады, оларда **81 мың** пайшы және **4,1 млн** га ауыл шаруашылығы алқаптары бар (оның ішінде **868 мың** га заңсыз кепілге қойылып, **791 мың** га иеліктен шығарылған).

Жалпы прокурорлар қабылдаған шаралар бойынша пайшыларға барлығы **546 мың** га қайтарылды, заңсыз кепіл және жерді қайта рәсімдеу фактілері бойынша қылмыстық қудалау органдарының өндірісінде **5** қылмыстық іс бар.

Қатысушылардың салымдарын кәсіби бағалаушылар бағалау жұмыстарын жүргізбегені үшін серіктестіктердің басшыларын жауапкершілікке тарту мәселесі бойынша төмендегілерді хабарлаймыз.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 23-бабының 4-тармағына сәйкес қатысушылардың жарғылық капиталға салымдары **барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша немесе серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша** ақшалай нысанда бағаланады.

Сондықтан ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшыларына қатысты шаралар қабылдауға негіздер жоқ.

Орын алған жағдай заңнаманың жетілмегендігіне және мемлекеттік бақылаудың тиімсіздігіне байланысты.

2022 жылы Бас прокуратура Үкіметке шартты жер үлестерін пайдалану саласындағы проблемаларды шешу жөнінде ұсыныстар енгізді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамаға түзетулер дайындап жатқанын хабарлады, оның ішінде:

- пай жерлерін есепке алуды жүргізу бойынша жергілікті атқарушы органдарға құзырет беру туралы (бірде–бір мемлекеттік орган есепке алуды жүргізбейді);

- жалпы жиналысты өткізудің нақты мерзімдерін белгілеу туралы (бүгінде серіктестіктің атқарушы органы жарғыда белгіленген мерзімде, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады);

- жерді кепілге беру кезінде ортақ үлестік меншіктің барлық қатысушысының нотариаттық келісімін міндетті түрде алу туралы;

- пайшылардың құқықтары бұзылған кезде ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларына қатысты әкімшілік жауаптылық белгілеу туралы.

Қабылданып жатқан шаралар шартты жер үлестерін пайдалану проблемаларын реттеуге мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда және тұрақты бақылауда.

Құрметпен,

Б. Асыллов